



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. "Қазақ" газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 476 бет.
4. Садуақасұлы Смағұл. Үш томдық шығармалар жинағы. Т. 2. Құраст. Д.Қамзабекұлы, - Астана: Нұр-Астана, 2013. – 360 бет.
5. Смағұл Садуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Алаш», 2003. – 352 бет.
6. Алаш ақиықтары. Т. 5. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар / Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ; құрастырған Т. Жұртбай. – Алматы: Алаш, 2006. – 288 бет.

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІ

Әбілсейтқызы Назерке

nazik_987@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті
«Филология: қазақ тілі» мамандығының III курс студенті
Ғылыми жетекші - С.Б.Жұмағұл

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттың мәдени және рухани ілгерлеуіне, сонымен қатар ғылымның қай саласында болмасын өркениет жолымен өркендеуіне қажетті мәселелерді ғылыми негізді шешуде шешуші қадамдар жасады. Соның барысында қоғамдық және жаратылыстану пәндері бойынша ана тілінде ғылыми еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдары жазылды. Әсіресе, өткен XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары басылған кітаптар Алаш қоғам қайраткерлерінің ел алдындағы парызын өтеуде жиған-терген білімін халық игілігіне жаратудағы ыждахаттылықтарын тағы бір қырынан көрсетеді.

М.Дулатовтың құрастыруымен жарық көрген «Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткіш» (Қызылорда, 1926) кітабындағы Қазақстан мемлекет баспасы (Орынборда, Қызылордада), мұның Ташкендегі бөлімі, Мәскеудегі орталық баспа шығарған кітаптардың библиографиялық көрсеткішінен қазақ тілінде түрлі ғылым саласы бойынша жарық көрген еңбектердің мейлінше мол болғанын көреміз. Мысалы, А.Байтұрсынұлының «Баяншы» (Қазақ мұғалімдері үшін) (1920), «Әліппе астары» («Оқу құралы» деген қазақша әліппе бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы) (1924), «Әліп би» (1926), «Тіл құрал» (1925), «Сауат ашқыш» (1924), Т.Шонанұлының «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926), А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлы бірігіп жазған «Оқу құралы» (1926), М.Дулатұлының «Оқу құралы» (1924), «Есеп құралы» (1925), Х.Досмұхаметұлының «Табиғаттану» Бірінші бөлім (1922), «Жануарлар» Бірінші бөлім. (1922), И.Токтыбайұлының «Жағырапия» (1922), «Түркістан» (1923), Ж.Тілеуұлының «Гигиена» (1924), Е.Омарұлының «Физика» (1924), Т.Шонанұлының «Орысқа қазақ тілін үйреткіш» (1925), М.Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Педагогика» (Баланы тәрбие қылу жолдары) (1923), Ж.Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» (Бала оқытушыларға), Н.Төрөкұлұлының «Жаңа әліпби неге керек?» (1925), Х.Досмұхаметұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм» (Дыбыстардың үндестік заңы) (1924), С.Қожанұлының «Есеп тану құралы» (1924), К.Жәлелұлының «Есеп тану құралы» (1924), «Есеп тану жобасы» (1923) кітаптары, сонымен бірге түрлі ғылым салалары бойынша жасалған аудармалар соның нақты дәлелі деуге болады (1, 123-125). Міне, өз Отанының дамуына үлес қосар жастардың ана тілінде терең де жан-жақты білім алуына қажетті кітаптар шығаруда алғаш педагогикалық еңбегімен сара бағыт ұстанғандардың да көш басында болған Ғұмар Қараш еді.

1919 жылы Ордада қазақтың тұңғыш ғылыми-педагогикалық әдістемелік «Мұғалім» журналының бірнеше санында ақынның «Педагогика» атты еңбегі басылды.

Ғұмар мұрасын зерттеуші М.Тәжімұратов ақынның 1917-1918 жылдары қазақтан тұңғыш рет Ресей мен Сібір мұсылмандары Діни басқармасының қазіи болып жұмыс істеп

әрі осы жылдары Уфа кітапханаларында отырып «Қан мен жан» және «Педагогика» атты еңбектер жазғанын айтады (19, 51). Ғалым «Қан мен жан» еңбегінің қолжазбасы табылмағанын, журналдың «Педагогика» жарияланған әзірге № 2 және № 7 сандары табылғанын, онда еңбектің ортасынан соңына дейін басылғанын ескертеді.

Ғұмар Қараштың «Замана» (1994) жинағында оның «Педагогика» (1919) еңбегі берілмеген. Аталған еңбекті талдауда біз М.Тәжімұратовтың «Қазақстан мектебі» журналында (1992) жарияланған «Ғұмар Қараш және оның «Педагогика» кітабы» мақаласында берілген талдау мәтінін негізге алдық.

Ақын аталған еңбегін жазуда халықтық тәлім-тәрбиеден бастап әлемдік озық ойлы ғұламалар пікірін саралай отырып, педагогикалық ғылымның мақсат-міндетін терең білгірлікпен талдайды. Бала тәрбиесінің басты сипаты, шынайы адами қасиеті биік, ар мен жаны таза азамат қалыптастырудың табиғатына қатысты бүгіндері де өз маңызын жоймаған педагогикалық пікірлер түйеді.

Тәрбие беруде бала психологиясын басты назарда ұстауды байыптағанда шәкірттердің жан әлемін, жан сырын ұғатын жастардың білім беруі қажет дейді. Оның негізгі мәнісін «Балаларға тәрбие берушілер мүмкін болғанша жастардан болуы керек. Хатте егер қолдарынан келсе, мен бала тәрбиесінің бала болуын артық көрер едім. Осылай болғанда тәрбие беруші өзінің шәкірттеріне ең жақын жолдас, ең сенімді сырлас болып, оның түрлі жұбаныш халдерін ортақтасар, бөлісер еді» (2, 52) деп ұғындырады. Ал, «Бойға жеткен кісімен баланың арасында ортақтық, бірлік шын аз, мұндай аралары шалғай жатқан екі жанның арасында бір-біріне жақындық байланысы берік бола алмақ емес. Балалар әр уақыт үлкендерге қызмет етіп, қызмет көрсетуі мүмкін. Бірақ жаны сәйкесіп, шын көңілден сүйе, ол бір уақытта да болмайтын жұмыс» деген пікірінен жанашыл рухтағы жастардың жаңа буынға жан-жақты тәлім-тәрбие берудегі маңызын жоғары қойған көзқарасы аңғарылады. Оның өзіндік себептері де бар. Өйткені аға буынның бала оқытудағы әдістемелік бағыты жаңа дәуір талабымен үйлесе бермейтін еді. Әсіресе, жәдитшілдікті ұстанған және оны ұстаздық тәжірибесінде ұштастыру барысында Ғұмар керітартпа күштердің талай құқайын көрген болатын.

Бала тәрбиесінің ерекшелігін ескеруде оның психологиясын және табиғи түйсігін, сана-сезімін адамның таным зердесіне орай бағыттау туралы да келелі пікірлер айтады.

Мысалы «...Жақсылық жамандықты айыру адамның ақылдылық міндетін тану, ол баланың жұмысы емес. Табиғат баланың бала болып жүруін тілейді. Егер табиғат жобасы өзгерсе, онда біз асығыс май басында-ақ жеміс үлгертіп шығарамыз, ол жемістің пісіліп жетілуі де, дәні жату да болмақ емес хәм ұзамай бұзылмақшы: бізде білімділер, қарт балалар болып шықпақшы» деген тұжырымы ойландырмай қоймайды. Сондықтан да бала тәлім-тәрбиесінде оның жас ерекшелігі ескеріліп, психологиясы басты орында болуы шарт.

Ғұмар педагогикалық көзқарасын байыптағанда баланың жан әлеміне, ішкі дүниесіне жөнсіз қол сұғуға болмайтынын айта келіп «Балалықтың өзіне жақсы қасиеттері - көру, сезу, ойлау, олардағы осы әзірлік қасиеттерін біздерге айырбастау орынсыз. Бас аяғы бес тұтамнан аспаған бала шаққа он жасар балаға берілетін талаптарды берушіге де мен осы сыйды тарту қыламын. Дұрысында да балаға ақыл неге керек? Ақыл - күштің жүгені. Шарасынан жаңа шыққан әлсіз құлыншақтың басына жүген кигізуші ме?...» деп орынсыз ақыл, жөнсіз шектеудің бала табиғатына қайшы екенін байыптайды.

Сонымен қатар тәлім-тәрбиенің аса маңызды, түйінді жәйттеріне қатысты әр толғаныстарынан саналы ұрпақ өсіруде нақты бағдар беретін байыптаулар табамыз. Мәселен, «Нашар тәрбие баланы өз тілегіменен сіздің тілегіңіз арасында шөре-шөре етіп қалдырады хәм екеуіңіздің араңызда оған қайсың қожалығың турасында бойлай талас шығады...» немесе «Шәкірттеріңізге ауыздай үгіт бермеңіз, пайдалы нәрсені өздері тәжірибе арқылы тапсын.

Оларды еште жазаламаңыз. Олар айыпты болудың не екенін білмейді. Оларды еш уақытта кешірім сұрарлық халге түсірмеңіз. Олар сізді жәбірлей алмайды» деген ойлардың тәлім-тәрбиешілерге берер пайдасы мол.

Ғұмардың «Педагогикасындағы» адамгершілік-имандылық қағидаларын жан-жақты

қарастырған М.Тәжімұратовтың «Ғұмардың бұл өредегі арқа тұтқан негізгі, нәр алған ортасы-өте беделді. Олар - әлем мәдениетінің інжу-маржанына айналған араб ойшылдарынан бастап, өзін замандас Махаммед Абды, Жәлеледин әл Афғани сияқты мұсылман жаңа иқбал (реформаның) көш басында тұрғандар, одан беріде татар-башқұрт жерінде өрнек шашқан Шаһабуддин әл-Маржани, Ризаммадин, Фәхреддин сияқты замандас оқымыстылар. Соңғы атаған ғұламамен Ғұмар араласып, хат жазысып тұрған. Ал Фәхреддин жалпақ түркі әлеміне тәрбие мәселесіне арнап жазған жиырма шақты том кітабымен белгілі болған ғалым. Ендеше Ғұмардың Риза хазіретті оқымауы, әсерленбеуі мүмкін бе?! Мүмкін емес, әлбетте...» (2, 52-53) деген тұжырымы еңбектің құндылығын, ізденіс көздерінің тереңдігін айқындай түседі.

Баланың тәлім-тәрбиесінің бастапқы қалыптасу негіздерінде белгілі бір жас мөлшері ерекше орын алатыны педагогика ғылымында дәлелденген тұжырым. Міне, сол үрдістегі терең саралауды Ғұмар ізденісінен де аңғарамыз. «Егер сіз тәрбиеніздегі балаларға сапалы ешбір нәрсе бермей, оларды ақыл жұмсалатын жұмыстар турасында оң мен солды да айыра алмастық етіп, денесі сау, мүшелері күшті күйінше он екі жастарына жеткізе алмасаңыз, ол уақытта сіздің басқы берген сабақтарыңыздан-ақ олардың көңіл көздері ақыл жолына қарай ашылар еді, жаңылыс жаман әдеттен таза тұрған олардың зейіндері, жүректері сіз беретін адамшылық жобаларын қарсылықсыз қабылдар еді. Сөйтіп, сіздің қолдарыңызда олар ақылды жосық кісілерден болып жетер еді...»

Ғұмар сондай-ақ түрлі мінез-құлықты жас жеткіншектерді тәрбиелеуде мейлінше ұстануға тиісті әдістемелік қағидаларды да назардан тыс қалдырмайды. Мысалы, «Баланың мінез-құлқы түрліше болады, ұялшақ, жуас, қыз мінезді балалар болады. Оларды қауіп-қатерсіз-ақ көп уақыт міндетсіздікте сақтауға болады. Кей балалар жастан -ақ сойқан, ұрыншақ келеді һәм бұл мінездері тез өседі, мұндайларды ертерек ахлықи қағидалармен таныстырылмаса, ұядан ұзап шықпай-ақ шынжырға байланады» деп бала тәрбиесіндегі негізгі міндетке үлкен жауапкершілікмен қарауды зерделейді.

Бала тәрбиесін кешенді қарастырған ақын адамзаттың рухани және имандылық кемелденуінің түп негізі ұят, ұждан қасиеттері болып табылатынын «...Үйрену тұрмыс ретінде адамға қайсы істі істу тиіс емес екенін айырып, һәрбір жұмысыңды сынап, бақылып тұратын бір күш, бір хал пайда қылады-мұны «ұят» деп, «көңіл тілегі» деп атаймыз, орысша, «совесть» дейді, арабша «ұждан» деп жүргізеді» деп ұғындырады.

Педагогика мен психологияның тоғысар арнасы - бала мінезіне тән ерекшеліктерді тану немесе кесірлі мінезден арылту, оның табиғатын дұрыс жолға салудағы тәрбиенің сан-салалы жолдарын қарастыру. Осы жағынан алғанда Ғұмардың психологиялық талдаулары да тәрбиеге жетекші болар ұстаным тұрғысынан құнды. «Адам баласының істерінің, мінездерінің түрліше болуының түпкі себептеріне тереңдеп түсініп хабардар болып тұру тура жолды табуға, адамшылықтың жетігуіне, мінездің тазалығына ұлығ себеп».

Тұжыра айтқанда, Ғұмардың «Педагогика» еңбегі ұлттық педагогикалық ой - пікірде оның ғылыми негізін қалауымен құнды. Осы желі М.Жұмабаевтың «Педагогика» (1922, 1923), Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) сынды еңбектеріне жол салып, қазақтың осы бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ізденістерінің өрісін кеңейте түсті.

«Педагогика» еңбегі жан-жақты да терең білімдар Ғұмардың озық ағартушылық көзқарасын, қазақ халқын ағарту арқылы өнер- біліммен қаруландырып, биік адамгершілік және имандылық тұғырын айқындау, кемел адам, кемел қоғам құрудың бағыт- бағдарын нұсқаған және де жан әлемі таза отаншыл, елшіл рухтағы жаңашыл жастар тәрбиелеуді ұлттық, адамзаттық қасиеттермен ұштастырған тұлғасын танытады. Әсіресе, ұлттық педагогикалық ой-пікірді дамыту, оны ғылыми негізде өркендету, сол арқылы ұлттық тәлім-тәрбиені адамзат өркениетінің жетістігімен сабақтастыра ұштауда бүгіндері де өз құндылығын жоймаған ғылыми танымдық өресі мен өрісі кең мұра қалдырды.

Қолданылған әдебиет

1. Міржақып. Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткіш //Жұлдыз. 1996, № 4. Б .-

АЛАШ ПАРТИЯСЫНА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕРДІҢ ТУУ ТАРИХЫ

Гиниатова Құралай Еркінқызы

kuralaig@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті "қазақ тілі мен әдебиеті"

мамандығының IV курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – С. Б. Жұмағұлов

Алаш қозғалысының бағыты мен барысы, мазмұны – оның ұлттық Жаңғыру дәуірін жасағанын анық аңғартады. Отаршылдыққа қарсы саяси шаралар, әлеуметтік әрекеттер сол заманның көңіл-күйін, қоғамдық пікірін қалыптастырды десек, қозғалыс аясында қазақтың жаңаша руханияты жасалғанына да көз жеткіземіз. Осы Жаңғыру дәуірі ауқымында тұтас ұлттық мүдде көтеріліп, Алаш зиялылары бір жағынан отаршылдық езгіге қарсы күрессе, екінші жағынан туған халқының рухани деңгейін, саяси белсенділігін арттыру үшін аянбай еңбек етті. Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста Алаш партиясына арналған өлеңдерде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз.

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы өз эволюциясының жаңа сатысына көтерілді және заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әр уақыт ағымына орай саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Жалпы «Алаш» идеясын жаңа деп айтуға келмейді. Дегенмен, XX ғасырдың басында көтерілген бұл идеяның мазмұны алдыңғылармен салыстырғанда мүлдем бөлек еді. Оны жетілдіруші һәм қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті.

Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр», – деп, әділ бағасын берді [1, 172-173 бб.].

Қазақ бола ма, болмай ма деген сауал талқыға түскен жиырмамыншы жүзжылдықтың басында, ғасырдан-ғасырға ұласқан ұлттық идея ширыққан тұста, оның занды жалғасы Алаш идеясы дер шағында дүниеге келді. Алаш идеясының насихаттаушысы әрі оны жүзеге асырушы қайраткерлердің ұлт ісіне ерте есейген есті сана – жалындап тұрған жастық жігермен кіріскендіктері алдыңғы кезекте көрініс береді. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сынды жол сілтер Алаш көсемдері тұрған алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы жиырма-жиырма бестің, ары кетсе отыздың о жақ, бұ жағындағы өрендер еді. Яғни, Алаш идеясы өзінің жас әрі жасампаз идея екендігімен ерекшеленді.

Алаш қозғалысының көшін бастаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовтар ол кездері жастары қырықтың қырқасынан енді ғана асып, ақыл тоқтатқан әрі өздерінен кейінгі толқын ізбасарларына Алаш идеясының өміршендігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып, сол идеяны жүзеге асыру жолында қызмет етті.

Мұны жақсы түсінген әрі Алаш идеясының баянды болуына бар ынта-шынтысымен қызмет еткен, арқалы ақын-жазушылар Мағжан Жұмабайқы пен Жүсіпбек Аймауытов Алаш қозғалысы құрылған тұста бірі – жиырма төртте болса, бірі – жиырма сегізге енді келді. Осы орайда М. Жұмабайұлы:

«Тіршіліктің көркі ерік,